

1-БЛОК: Педагог-психологтарға арналған психология

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Л.С. Рубинштейн ұсынған іс-әрекет түрткісінің анықтамасы
А) Мақсат, жалпы айтқанда ерік, қайрат күшімен туатын елес
В) Белгілі бір мағынаны саналы түрде ұғыну
С) Іс-әрекеттің мағынасын түйсіну саналы мақсат
D) Сыртқы кең әлеуметік немесе жеке түрткілерден де туады
E) Қандай да бір маңызды жағдайды уайымдау іс-әрекетке итереді, ол индивид үшін берілген іс-әрекетке мағына береді
2. Жас шағы дамудың белгілі бір дәуірі емес немесе сатысы, дамудың белгілі, біршама тұйық кезеңі деп көрсетті
А) Махметова Б.Т.
В) Жарықбаев Қ.
С) Давыдов В.В.
D) Муканова Б.И.
E) Выготский Л.С.
3. Іс-әрекеттің психологиялық құрылымын құрайды
А) Білім, іскерлік, дағды
В) Білім, үйрету, тәсіл
С) Мотив, мақсат, операция
D) Түйсік, қабылдау, елес
E) Оқу, оқыту, үйрету
4. Психолог В.С.Мухина баланың психикалық дамуының алғышарты ретінде қарастырды
А) Мінез-құлықтың өзгеруі
В) Білім алу және проблемалар шешу
С) Баланың икемділік пен дағдыларды меңгеруі
D) Баланың ішкі позициясын
E) Жалпы танымдық процестерді жетілдіру
5. Педагогикалық психологияның міндеті
А) Жеке адам дамуының жетекші факторларын талдау
В) Білімді игерудің жасқа лайық мүмкіндіктері
С) Оқушының психофизиологиялық дамуын ашып көрсету
D) Баланың оқу іс - әрекеті
E) Ақыл-ойдың тиімді дамуының шарттарын анықтау

6. Б.Г. Ананьев зерттеу әдістерін зерттеушінің іс-әрекетінің сипатына қарай топтастырды
- A) Шығармашылық, ақыл –ой, генетикалық
 - B) Қабілеттілік, шығармашылық, пәндік
 - C) Танымдық, психикалық, саналылық
 - D) Ұйымдастыру, эмпирикалық, деректерді өңдеу, генетикалық, құрылымдық
 - E) Пәндік, мектепшілдік, ұйымдастырушылық
7. Адамды мақсатты, жүйелі зерттеудің эмпирикалық әдісі
- A) Сұхбат
 - B) Тест
 - C) Сұрақ-жауап
 - D) Байқау
 - E) Әңгімелесу
8. Оқу мотивациясын зерттеген
- A) Давыдов В.В.
 - B) Кан-Калик В.А.
 - C) Маркова А.К.
 - D) Лейтес Н.С.
 - E) Ушинский К.Д.
9. Құбылыстың даму тарихын, оның пайда болуы мен қалыптасуын қадағалауға мүмкіндік беретін зерттеу әдісі
- A) Лонгитюд
 - B) Тест
 - C) Сұрақ-жауап
 - D) Сұхбат
 - E) Анкета
10. Білімді игеру белгілі бір әрекеттерді орындау және игеру нәтижесінде болатын процесс ретінде қарастырған ғалымдар
- A) Крупская Н.К, Макаренко А.С.
 - B) Выготский Л.С, Петровский А.В.
 - C) Петровский А.В, Давыдов В.В.
 - D) Гальперин П.Я, Талызина Н.Ф.
 - E) Эльконин Д.Б, Менчинская Н.А.
11. Аристотель заманан белгілі ассоциация түрлері
- A) Анализ, синтез, ой қорытындысы
 - B) Ойлау, елес, қиял
 - C) Іргелес, ұқсас, қарама -қарсы
 - D) Қозғалыс, образдық, сөз-логикалық
 - E) Сипап сезу, көру, есту

12. Адамға тән сөйлеу әрекетіндегі екі сипат болуы шарт
- A) Үйлесімдігі, ұшқырлығы
 - B) Мазмұндылығы, мәнерлілігі
 - C) Афазия, амнезия
 - D) Тіл, ым-ишара
 - E) Диалог, монолог
13. Ырықсыз зейіннің бұлағы
- A) Қызығу
 - B) Қиял
 - C) Ой
 - D) Арман
 - E) Таным
14. Адам барлығын тек өзінің көзқарасынан қабылдау ерекшелігі
- A) Депривация
 - B) Ассимиляция
 - C) Эгоцентризм
 - D) Симбиоз
 - E) Преформизм
15. Ойлаудың физиологиялық негізі
- A) Бірінші және екінші сигнал жүйесі
 - B) Бірінші және төртінші сигнал жүйесі
 - C) Бірінші және үшінші сигнал жүйесі
 - D) Бірінші сигнал жүйесі
 - E) Екінші сигнал жүйесі
16. Гиппократ терминологиясы бойынша темперамент түрлері
- A) Күшті, әлсіз, тепе-тең
 - B) Күшті, холерик, флегматик
 - C) Күйгелек, сылбыр, сезімтал
 - D) Холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик
 - E) Ұстамсыз, ширақ, баяу, әлсіз
17. Жұмыс қабілеті күшті, қозу, тежеу процестері бір –бірімен сәйкес келмейтін ерекше қозғалыстағы тип
- A) Әлсіз
 - B) Тең емес
 - C) Күшті
 - D) Тепе-тең
 - E) Ұстамсыз

18. Балалар қоғамының құрылуы қай жастан бастау алады
- A) Мектепке дейінгі шақ
 - B) Жеткіншек шақ
 - C) Мектеп жасы
 - D) Балғын жас
 - E) Жасөспірімдік шақ
19. Адамда қалайда болса, қашанда болса пайда келтіретін ой мен іс
- A) Достық
 - B) Мейірімділік
 - C) Ізгілік
 - D) Борш
 - E) Намыс
20. Белгілі бір психологиялық қасиеттер мен процестердің дамуы үшін қажет жағдайлардың белгілі бір жас кезеңіне тән оңтайлы ұштасуы
- A) Симбиоз
 - B) Эгоцентризм
 - C) Преформизм
 - D) Сензитивтілік
 - E) Ассимиляция
21. Жүйке жүйесіндегі қозу мен тежелу процестерінің бір-біріне тең келуі
- A) Төмен
 - B) Биік
 - C) Әлсіз
 - D) Тепе-теңдігі
 - E) Күшті
22. Темперамент - бұл
- A) Жүйке жүйесінің тұрақ қасиеттерінен, туындайтын адамның жеке өзгешіліктері
 - B) Мінез бітістері
 - C) Өте күрделі психикалық процестердің бірі
 - D) Сыртқы дүниенің сансыз тітіркендіргіштеріне жауап беру
 - E) Түрлі елестердің өзгеруі
23. Филогенездік және онтогенездік даудың тұрақ және өзгеру біткен және өзгеру біткен біртұтасығының өнімі, тән сипатты даралық белгілердің иесі
- A) Индивид
 - B) Оқушы
 - C) Тұлға
 - D) Бала
 - E) Адам

24. Типтік мінез бітістері
- A) Отан сүйгіштік, борыш, мақсаткерлік
 - B) Талап қоя білу, еңбек ету
 - C) Жауапкершілік, достық, талап қою
 - D) Мейірімділік, жазалау, еңбек ету
 - E) Жазалау, мадақтау, мақсаткерлік
25. Д.Б.Элькониннің көрсеткеніндей, даму процесіндегі өзгеріс келесі жас кезеңдеріне өтудің өте маңызды ішкі негізін құрайды
- A) Әрбір күшін
 - B) Ұстамдылығын
 - C) Тәртіптілігін
 - D) Тепе - теңдігін
 - E) Қозғаушы күшін
26. Құжаттардағы зерттеп отырған құбылыс немесе процес жайлы сандық мәліметтерді жинау әдісі
- A) Эмперикалық зерттеу
 - B) Тәжірбилеу
 - C) Контент-анализ
 - D) Заттық
 - E) Бланкілі
27. Адамның едәуір проблемасына байланысты көңіл – күйін кездейсоқ көрсетуі үшін қажетті жағдайлар туғызатын топтық психотерапия әдісі
- A) Рөлдік ойын
 - B) Терапия
 - C) Тренинг
 - D) Психогимнастика
 - E) Психокоррекция
28. Жеке адамның даралық - психологиялық ерекшеліктерінің мәнін сипаттап, анықтауға бағытталған қаракетінің түпкілікті нәтижесіне орайлап нұсқамалар белгілеу мақсатымен жүргізілетін диагноз түрі
- A) Эстетикалық
 - B) Типологиялық
 - C) Педагогикалық
 - D) Тарихи
 - E) Психологиялық

29. Психокоррекциялық жұмыстың міндетті
- A) Жеке адам дамуының жетекші факторларын талдау
 - B) Баланың психофизиологиялық дамуын ашып көрсету
 - C) Баланың дамуындағы психологиялық ауытқуларды әлеуметтік ортада қалыптасқан талаптарға сай келтіру
 - D) Оқыту процесіндегі ақыл ойдың тиімді даму шарттарын білу
 - E) Білімді игерудің жасқа лайық мүмкіндіктері
30. Психологиялық алдын алу жұмысының міндеті
- A) Оқушылардың тұлғасын қалыптастыру жүйесін шектеу
 - B) Оқушының психофизиологиялық дамуы
 - C) Оқушының толыққанды психикалық дамуын суреттеу
 - D) Жеке адам мен ұжымның бір сәттегі эмоциясын сезу
 - E) Оқушының толыққанды психикалық дамуына арналған жағдайлар туғызу
31. Білім берудің практикалық психологиясы тұжырымдамаларының авторлары
- A) Дубровина И.В, Фридман Л.М, Битянова М.Р.
 - B) Выготский Л.С, Давыдов В.В, Эльконин Д.Б.
 - C) Осипова А.А, Эльконин Д.Б, Ковалев Г.А.
 - D) Жарықбаев Қ.Б, Мұқанов М., Алдамұратов Ә.
 - E) Балғымбаева З.М, Ахтаева Н.С, Ахметова А.А.
32. Сипатына қарай бөлінетін психокоррекцияның түрлері
- A) Арнайы, жасанды
 - B) Ырықты, ырықсыз
 - C) Мезгілсіз, жылдам
 - D) Ырықсыз, жасанды
 - E) Симптомды, каузалды
33. Диагностика - бұл
- A) Қарама –қарсы бағыттағы мотивациялық ықпал
 - B) Жеке адамды тоқырауға ұшыратын психикалық әрекет
 - C) Топтық психотерапияның бір түрі
 - D) Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының дамуы
 - E) Зерттелетін объект немесе үрдіс туралы алдын ала ақпарат алудың жалпы тәсілі

34. Тренингті - топтық жұмыстың белсенді әдісі ретінде қарастырған ғалымдар
- А) Абрамова Г.С, Осипова А.А, Битянова М.Р.
 - В) Петрушин С.П, Давыдов В.В, Битянова М.Р
 - С) Битянова М.Р. Давыдов В.В, Абрамова Г.С
 - Д) Осипова А.А, Самаоукина Н.В, Лидерс А.Г
 - Е) Лидерс А.Г, Петрушин С.П, Прутченков А.С.
35. Психотерапияның клиникалық тәсілдері
- А) Анализ, синтез, анкета
 - В) Ырықсыз, ырықты, үйреншікті
 - С) Психодиагностикалық өңдеу
 - Д) Гипноз, аутогендік жаттығу, иландыру, өзін-өзі иландыру
 - Е) Фантазияның өнімдері
36. Психодиагностика психология дамуының бірнеше бағыттарымен байланысты
- А) Педагогикалық психология, жас ерекшелік психологиясы
 - В) Психология, педагогика, тәрбие
 - С) Экспериментальды психология, дифференциалды психология, қолданбалы психология
 - Д) Жануар психологиясы, әлеуметтік психология, әскери психология
 - Е) Әлеуметтік психология, еңбек психологиясы
37. А.А.Осипова бойынша психотүзетудің тиімділігін анықтайтын фактордың бірі
- А) Топтық психотерапияның негізіндегі қозғалыс
 - В) Психотүзетудің нақты әдістерінің спецификалық әсері
 - С) Баланың ішкі дүниесіндегі өзгерістер
 - Д) Тренингті топтық жұмыстың белсенді әдісі
 - Е) Өзгерістердің тұрақтылығы
38. Формасы бойынша тестер бөлінеді
- А) Ойыншық, зат, сөз
 - В) Төмен және кіші қалыптасқан
 - С) Тәжірбилеу, еңбектену, үйрету
 - Д) Эмперикалық зерттеу, оқыту
 - Е) Бланкілі, заттық, ауызша, жазбаша

39. Психологиялық қызметті ұйымдастыру аспектілері
- A) Ғылыми, қолданбалы, практикалық,
 - B) Ұйымдастыру, табиғи, іс-әрекеттік
 - C) Іс-әрекеттік, өндірістік, оқытушылық
 - D) Табиғи, мектепшілдік, оқытушылық
 - E) Тәрбиелеу, құрылымдық, аналитикалық
40. Тәжірибелі психолог маман психокоррекция жұмысын ұйымдастыру үшін негізге алуы тиіс
- A) Ырықсыз салған суреттерді
 - B) Мезгілсіз жасалған жұмыстар мен оқыту түрлерін
 - C) Ырықты жұмысын және оқытуды ұйымдастыру жолдарын
 - D) Қиял мен фантазияның өнімдерін талдауды
 - E) Психодиагностикалық өңдеу көрсеткішінен алынған нәтижені
41. Д.Б.Эльконин баланы жас кезеңдерге топтастыру барысында нені басшылыққа алды
- A) Қабылдауы мен ойлауын дамуын
 - B) Зейіні мен түйсігінің дамуын
 - C) Арманы мен мүддесінің дамуын
 - D) Қажеттелігі мен қимылының дамуын
 - E) Ырықтылығын, шығармашылығын
42. Л.С. Выготский бойынша жеткіншектік дағдарыстың сипаты
- A) Танымдық әрекеттің дамуымен
 - B) Мен қалаймын деген дербестігімен
 - C) Албыртық жаспен
 - D) Мен қасиетімен
 - E) Өзіндік сананың пайда болуымен
43. Акселерация дегеніміз
- A) Баланың табиғи дамуы
 - B) Баланың физиологиялық құбылысы
 - C) Баланың психикалық даму құбылысы
 - D) Баланың шапшаң даму құбылысы
 - E) Баланың әлеуметтік жасы

44. Адамның бір жастан екінші жасқа өту кезеңінде пайда болып, оның әлеуметтік қатынастарының, іс -әрекеттерінің және санасының өзгеруімен сипатталатын құбылыс
- A) Жастық дағдарыс
 - B) Депривация
 - C) Жетекші іс-әрекет
 - D) Антиномия
 - E) Индивид
45. Нәрестелік кезеңдегі (туғаннан -1 жас) баланың жетістіктері
- A) Рефлексия, үлкен болуға ұмтылу
 - B) Қоғамдық бағалы әрекетке қажеттілік
 - C) Ырықтылық, өзін өзі бақылау
 - D) Сөйлеу мен ойлаудың дамуы
 - E) Қарым –қатынасқа қажеттілік, эмоционалды қарым-қатынас
46. Баланың үлкендермен бірлесе орындайтыны мен өзінің жеке атқаратын қызметінің арасындағы айырмашылық
- A) Баланың ерте балалық шақ аймағы
 - B) Баланың мезгілдік дамуы
 - C) Баланың шапшаң дамуы
 - D) Баланың психологиялық даму аймағы
 - E) Баланың таяудағы даму аймағы
47. В.С. Мухина бойынша «Мектепке дайындық» анықтамасы
- A) Баланың білімі, біліктерінің жиынтығы
 - B) Баланың оқи білуін құрайтын қасиеттер кешені
 - C) Баланың мұғалімінің кәсіби рөлін түсінуі
 - D) Баланың оқуға деген қатынасы
 - E) Баланың оқу ниеттерінің болуы
48. Мектепке дейінгі кезеңнің жетекші іс-әрекеті
- A) Рөлдік ойын
 - B) Заттық
 - C) Еңбек
 - D) Оқу
 - E) Танымдық
49. Бастауыш сынып оқушыларының жетекші іс-әрекеті
- A) Еңбек
 - B) Рөлдік ойын
 - C) Заттық
 - D) Танымдық
 - E) Оқу

50. Баланың мектепке дайындығының жетекші тетігі ретінде ниетті бөліп қарастырды
- А) Салмина Н.Г.
 - В) Лисина М.И.
 - С) Выготский Л.С.
 - Д) Божович Л.И.
 - Е) Мухина В.С.

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. Конфликтінің даму стадиялары
- A) Конфликтінің ортасында
 - B) Конфликтіні шешу
 - C) Конфликтіден кейінгі стадия
 - D) Конфликтінің өзі
 - E) Конфликт болмағанда
 - F) Конфликт алдындағы стадия
 - G) Конфликт шегі
52. М.И.Лисина қалыпты даму жағдайында мектепке дейінгі жас кезеңінде бала мен ересек адам қарым –қатынасының үш нысаны ауысатындығын көрсетті
- A) Жағдайдан тыс тұлғалық
 - B) Жағдайдан тыс өміршілік
 - C) Жағдайдан тыс мәңгілік
 - D) Жағдайдан тыс жағдаяттық
 - E) Жағдайдан тыс танымдық
 - F) Жағдайлық іскерлік
 - G) Жағдайдан тыс нанымдық
 - H) Жағдайдан тыс арманшылдық
53. Тұлғалық мотивацияны зерттеген алғашқылардың бірі
- A) Мухина В.С.
 - B) Мұқанов М.М.
 - C) Давыдов В.В.
 - D) Мюррей Х.
 - E) Жарықбаев Қ.
 - F) Выготский Л.С.
 - G) Ермекбаева Л.К.
 - H) Зимняя И.А.
54. Жоғары сезім түрлері
- A) Эстетикалық
 - B) Ынтымақтастық
 - C) Үрейлену
 - D) Интеллектік
 - E) Табиғи
 - F) Сүйіспеншілік
 - G) Өкінушілік
 - H) Адамгерішілік

55. Оқушының артта қалу себептері
- A) Оқыту әдістері мен формаларында эмоциялардың бағаланбауы
 - B) Оқушылар дамуының ескерілмеуі
 - C) Адамның қажеттеріне сәйкес келу – келмеуі
 - D) Оқыту әдістері мен формаларындағы біркелкілігі
 - E) Адамның іс-әрекетінің өнімді болуы
 - F) Педагогикалық жүйелердің ізделуі
56. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттеріне сәйкес келу – келмеуінің нәтижесінде пайда болып отыратын психикалық процесс
- A) Қабілет
 - B) Ес
 - C) Қиял
 - D) Елес
 - E) Сезім
 - F) Ойлау
 - G) Эмоция
57. Кеңес берудің психологиялық мағынасы
- A) Нақты білім беру жүйесі
 - B) Үлгермеушіліктің дидактикалық себептерін жоюдың амал- тәсілдері
 - C) Іс –әрекеттің мағынасын түйсіну саналы мақсаты ретінде
 - D) Адамда пайда болған мәселені өзіндік шешуге көмек көрсету
 - E) Өзіндік сана сезімін ұғыну процесі
 - F) Білім беру жүйесінің деңгейлері
58. Тәуекел тобына қандай балаларды жатқызуға болады
- A) Оңқай
 - B) Шығармашыл
 - C) Дамуы тежелген
 - D) Эмоциялық кемістігі
 - E) Қабілетті
 - F) Солақай
59. Қазіргі практикада жеке басын тәртіпке салу қажет балалардың кең ортасын білдіретін термин
- A) Таза
 - B) Тәуекел
 - C) Қиын
 - D) Жеңіл
 - E) Аз
 - F) Таным

60. Тәуекел сөзінің мағынасы

- A) Жек көру сезімі басым
- B) Шектен шығу
- C) Өзін өзі талауға бейім
- D) Қаламайтын нәрсенің болуы не болмауы
- E) Бір нәрсенің болуы мүмкіндігі
- F) Аффектілік мінез-құлық
- G) Негативті

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Мектепке келген 6-7 жастағы бала көбінесе сырттай ашық және эмоциялы оқиғаларды, суреттеулерді, әңгімелерді дәл есте сақтай алады. Бірақ мектепке келген күннен бастап балалардан материалды еркін есте сақтау талап етіледі. Мысалы: бірінші сынып оқушысы мәтінді бір қарайды да таныс сияқты болып көрінгесін жаттап алдым деп ойлайды. Аздаған балалар есте еркін сақтаудың тиімді әдістерін қолданады. Сондай -ақ балалар қандай да бір картинаның немесе естіген әңгіменің мазмұнын ауызша формада айтып беруін немесе оқушылардан мәтіннің қандай да бір жекеленген мәліметтерін біріктіру арқылы материалды ұғынуын талап етеді.

61. Баланың есте сақтау қабілетін дамыту үшін қандай жұмыс жүргізілуі тиіс
- A) Тікелей
 - B) Өзіндік
 - C) Тура
 - D) Жанама
 - E) Арнайы
62. Балалардың материалды ұғынуында тиімді болатынын көрсететін әдіс
- A) Сипаттау
 - B) Жүйлеу
 - C) Топтастыру
 - D) Жапсыру
 - E) Талдау
63. Балалардың материалды мағыналық жағынан есте сақтауын қалыптастырудың тиімді әдістері
- A) Жапсыру, мүсіндеу, құрастыру
 - B) Үйрету, оқыту, тәрбиелеу
 - C) Бірліктерге бөлу, салыстыру, топтау
 - D) Әңгімелеу, сауалнама, сұрақ-жауап
 - E) Анализ, синтез, нақтылау
64. Осы жас кезеңіне тән есте сақтау ерекшелігі
- A) Өз-өзіне қызмет етуі
 - B) Формалар мен түрлерді жақсы бағдарлайды
 - C) Мнемикалық міндеттерді ажырата алады
 - D) Жапсырғанда ептілік көрсетеді
 - E) Мақсатқа бағытталған зейіні болмайды

65. Есте сақтаудың тиімді тәсілі

A) Қайталау

B) Оқыту

C) Бағалау

D) Мақсаткерлік

E) Тәрбиелеу

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Жалпы әлемді алаңдатып отырған қоғамдық дерт ғылымда өз-өзіне қол жұмсауды «суицид» деп атайды. Суицид – алдын – ала ойластырылған өз - өзіне қол жұмсау немесе өзін өмірден қию. Суицид тек адамзаттың әрекеті. Бүгінгі таңдағы өте салмақты мәселеге айналған осынау аты жаман дертті әркім әрқалай қабылдап, өз алдына топшылайды. Бірі – заманның өзгеруі десе, екіншілері – әлеуметтік жағдайдың қиындығынан, не болмаса, денсаулықтың салдарынан деп таниды. Ал кейбіреулер тұқым қуалаушылық жолымен келеді деседі. Осы мәселенің алдын алу үшін психологтар жасөспірім мен жеткіншектер арасында әрқилы жұмыстар мен іс шаралар атқарады. Оның себептерін айқындап ата-аналар мен педагогтарға кеңестер береді.

66. Суицидтің жүзеге асатын негізгі жолдары

- A) Толық, таным, мүмкін
- B) Нағыз, жасырын, демонстративті
- C) Таным, шексіз, тәрбие
- D) Ақиқатсыз, ашық, толық
- E) Сана, таным, жігерлі

67. Суицидке ұшырау себептері

- A) Қоршаған адамдардың алғырлығы, ойы
- B) Қоршаған адамдармен түсініспеушілік, бақытсыз махаббат
- C) Баланың физикалық дамуы
- D) Бақытты ғұмыр кешу, өміршеңдігі
- E) Мектепке деген қызығушылық, өзіндік тәрбие

68. Суицидтің алдын алу үшін психологтың атқаратын іс шаралары

- A) Дәріс, семинар
- B) Уақыт, еңбек
- C) Таным, орта
- D) Мектеп, ұйым
- E) Анализ, синтез

69. Суицидке ұшырау себептері

- A) Психикалық аурулар, жеке өміріндегі сәтсіздіктер
- B) Бақытты ғұмыр кешу, өміршеңдігі
- C) Мектепке деген қызығушылық, өзіндік тәрбие
- D) Қоршаған адамдардың алғырлығы, ойы
- E) Баланың физикалық дамуы

70. «Суицид» мәселесін шешудің бір жолы психологтың психотерапиялық әдістерімен байланысты
- A) Тікелей, танымдық, өзімшілдік
 - B) Арнайы, педагогикалық, психологиялық
 - C) Диагностикалық, коррекциялық, кеңес беру
 - D) Мектепшілдік, ұжымдық, әрекеттік
 - E) Жанама, тікелей, тура

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.